

**2024-2025 оқу жылына арналған
«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы

Топ: «Құлыншақ», «Балбөбек» кіші топтар

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-мамыр 2024-2025 ж.ж.

айы	ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті
қыркүйек	Музыка тыңдау: Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Ән айту: Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; пьесаның екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін өзгерту (қатты-баяу).

**Музыка жетекшісінің ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы
Жоспардың құрылу кезеңі: 2.09-6.09.2024ж**

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	
Әдістемелік кабинетте жұмыс, циклограмма жазу, іс-әрекетке дайындық	
Қазақстан Республикасының гимні \күнделікті\	
Топтар/күндер	
Сейсенбі	Міндеттері: Музыка тыңдауға қызығушылықтарын ояту, балалар музыка арқылы ой өрісін, шығармашылық қабілетін дамытады
«Құлыншақ», «Балбөбек» кіші топтар	Көрнекілік: Аңдар бейнесіндегі ойыншықтар, экраннан бейне ролик Музыка тыңдау: «Орманда». Музыка тыңдау арқылы ырғақ пен әуенді түсінеді. Ән үйрену: «Сәлем, сәлем!» Ән айту арқылы балалардың сөздік қоры байып, тілі дамиды Әуенді-ырғақты қимыл: «Сәлем, Сәлем!» Қарапайым ритмикалық қимылдар жасау арқылы, дене моторикасы дамиды.

Ойындар:

ҚУЫП ЖЕТ

Мақсаты: балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Барысы: музыка жетекшісі: «Балалар, «Бір, екі, алақай» дегенде алақан соғасындар.

-Ал келіндер, келіндер,

Мені қуып жетіндер, – деп, ойынға шақырады.
-Ал кәнекей, қашыңдар,
Тез-тез аяқ басыңдар, – деп, балаларды қуа жөнеледі.

МЕН ТЫҢДАЙМЫН

Мақсаты: балалардың есту қабілетін арттыру.

Қажетті құрал: сылдырмақ.

Барысы: «Сылдыр-сылдыр, сылдырмақ,

Сөйлейтіндей былдырлап»- деген кезде, балалар сылдырмақтың дыбысымен жүгіреді. Музыка жетекшісі
сылдырлатуын тоқтатқанда, тоқтауға тырысады.

Мақсаты: балалардың есту қабілетін арттыру.

Барысы: әуен ойналғанда, балалар қолдарын шапалақтайды. Әуен тоқтағанда, қолдарын жасырады. Халық әні «Еркем-ай» әуені
ойналғанда балалар аяқтарын топылдатады, әуен аяқталғанда аяқтарын жасырып отыра қалады.

СӘБІЗДЕРМЕН ОЙНАЙМЫЗ

Мақсаты: балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, музыка ырғағына баулу.

Қажетті құрал: сәбіз, «қоян» бетпердесі.

Барысы: қоян: «Балалар, мен сендерге сәбіздерімді бір-бірден беремін, ал сендер музыкамен секіріп жүріп, сәбізді көрсетесіңдер.

Музыка тоқтағанда, сәбізді жасырып қалыңдар. Кім үлгірмесе, мен алып қоямын».

КҮН МЕН ЖАҢБЫР

Мақсаты: ойын арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу.

Барысы: балалар көңілді әуенге қуана секіреді, жаңбыр даусы естілгенде, қолды жоғары көтеріп түйістіруге тырысады,
жасырынуға талпынады.

2024-2025 оқу жылына арналған «Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы

Топ: «Жұлдызша», «Балауса» ортаңғы топтар

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-мамыр 2024-2025 ж.ж.

айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті
-----	--------------------------------------

қазан	Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау. Музыканың көңіл-күйді қалай өзгертетінін түсіндіру. Ән айту: Әндерді дұрыс және ырғақты орындауға үйрету. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салу. Музыкалық- ырғақтық қимылдар: Музыкаға сәйкес қолмен және аяқпен қимылдар жасау. Топтық ойындар арқылы қимылды үйлестіру. Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау, оның бөліктерінің өзгеруін байқау.
--------------	--

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	
Әдістемелік кабинетте жұмыс, циклограмма жазу, іс-әрекетке дайындық	
Қазақстан Республикасының гимні \күнделікті\	
Топтар/күндер	
Сейсенбі «Жұлдызша», «Балауса» ортаңғы топтар	Міндеттері: Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау. Әндерді дұрыс және ырғақты орындауға үйрету. Музыкаға сәйкес қолмен және аяқпен қимылдар жасау. Көрнекілік: «Қуанышты сәттер» бейнеленген және табиғат, аспаптар, жануарлардың суреттері. Музыка тыңдау: «Қуанышты сәттер» музыкаға сай қимылдар жасау, «Табиғат дыбыстары» дыбыстарды ажырата білу, «Халық аспаптары» халық аспаптармен таныстыру, «Жануарлар әлемі» жануарлар атауы мен дыбысын ажырата білу. Ән үйрену: «Отан ана» әні. Музыкалық -дидактикалық ойын: «Дыбысты тап» ойыны. Балалардың есту қабілетін, дыбыстарды ажырата білуін дамыту. Дыбыстарды тыңдау арқылы, табиғат дыбыстарының, жануарлардың және қай аспаптың ойналғанын табады.

Ойындар:

Ырғақты дамытуға арналған ойындар

«Біздің саяхат»

Мақсаты: музыкалық тәрбие беру, ой-өрісін дамыту, музыкалық қиялын қалыптастыру.

Керекті құралдар: металлофон, сылдырмақ, қасықтар, музыкалық балға, барабан (дауылпаз).

Ойын барысы: ән-күй мұғалімі балаларға кішігірім әңгіме құрастыруға ұсынады. Бұл әңгімені кез келген музыкалық аспаппен ойнап көрейік. «Ең алдымен мұқият тыңдаңдар, Айжан шықты қыдырып, сатымен түсіп далаға (металлофонмен ойнайды). Құрбысын көріп, қуанып кетті. Құрбысы секіртпемен ойнайды. Осылай (дауылпазды соғады). Айжанның да секіргісі келіпті. Ол үйіне жүгіріп кетті. Тағыда сатымен мінеді (металлофон). Менің әңгімемді сендер жалғастыра алсыңдар немесе өз ойларыңнан басқа әңгіме құрастыруға болады» дейді.

«Көңілді сырнайлар»

Мақсаты: балаларды 3 ырғақты суреттерді қабылдауға жаттықтыру.

Ойын барысы: Жетекші әндетеді. Балалар тыңдайды.

Сырнайда аю ойнапты,

Бәрі би билеп қуанды.

ду-ду, ду-ду.

Тра-ля-ля – деп түлкі әндетіпті.

Тра-ля-ля. Тра-ля-ля.

Бәрін биге шақырды.

Тра-ля-ля. Тра-ля-ля.

Сол кезде тышқан ойнапты:

Пи-пи-пи-пи-пи.

«Әуенді құрастыр»

Мақсаты: ырғақты есту қабілетін дамыту. Әуеннің ырғақты суретін ажырата алуға үйрету.

Ойын барысы: Жетекші балаларға таныс әуендерді орындайды. Балалар осы әуенді шапалақтау арқылы суреттейді. Содан кейін педагог балаларға әуенді шаршылармен белгілеуді үйретеді. Ойын барысында балалар әуеннің ырғағын шаршылармен бейнелеп құрастырады.

«Кім қалай жүреді?»

Мақсаты: Балаларды үш ырғақты суретті айыруға үйретуді жалғастыру. *«Кто как идёт» Г. Левкодимова бойынша.*

Бізге аю келіпті.

Топ-топ, топ-топ.

Ол әндетіп, билейді,

Топ-топ, топ-топ.

Түлкі ханым да келіпті,

ля-ля-ля-ля.

Әндері қандай жақсы

Ке-ре-мет, ке-ре-мет.

Сұр қасқыр келіп жетті

Тістерін қайрап кепті.

Диатоникалық естуді дамыту ойындары:

«Қатты – ақырын»

Мақсаты: Балаларды ақырын жіне қатты әуенді ажырата алуға үйрету. *«Громко – тихо» Г.Левкодимовтің әні бойынша.*

Керекті құралдар: Үлкен жіне кішкентай аккордеонның суреттері. Балаларға арналған музыкалық аспап аккордеон. Түрлі-түсті төртке бөлінген карточка.Ширма.

Ойын барысы: Ойынға үш бала қатысады. Біреуі жүргізуші болады. Ол балаларға ән айтып беруге ұсыныс жасайды. Ойын басталады.

Тембрлік естуді дамыту ойындары:

«Музыкалық жұмбақтар»

Ойынның мақсаты: Балалардың тембрлік естуін дамыту.

Керекті құралдар: металлофон,үшбұрыштар, сылдырмақ,

Ойын барысы: балалар ширманың алдында жартылай шеңберге отырады. Ширманың арғы жағында үстел, ал үстелде саз аспаптары.

Жүргізуші бала бір әуенді кез келген аспаппен ойнайды. Балалар оны табады.

«Музыкалық үй»

Мақсаты: Балалардың тембрлік естуін дамыту, аспаптарды ажырата алу.

Ойын барысы: Балалар үйдің терезелеріндегі аспаптарды атайды.

Нұсқасы: Балалар әуенді тыңдайды, ойнап тұрған аспапты атайды. :

«Бауырсақ»

Керекті құралдар: ойын алаңы, балға, бауырсақ, бірнеше ұсақ заттар, шөп суреті, ағаш, құмырсқалар үйі, шырша.

Ойын барысы: Балалар ойын алаңындағы заттарды қарайды. Жүргізушіні таңдайды. Ол есіктен шығып кетеді. Балалар бауырсақты бір заттың артына келісіп тығады. Жүргізуші қайтып келеді, балалар айтады: «Домалап кетті бауырсақ, сен оны табуға тырыс, сонда ата-әже қуанады» дейді. Балалар кез келген таныс әнді айтады, жүргізуші музыкалық балғаны алып заттардың қасына апарады. Бауырсақты тапса соғады. Балалар оны шатастыруға тырысады.

**2024-2025 оқу жылына арналған
«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы

Топ: «Айналайын» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-мамыр 2024-2025 ж.ж.

айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті
қараша	Музыка тыңдау: Өртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту. Тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі; Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру. Әндерді эмоционалды орындау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. Билер: Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Ойындар, хороводтар: Пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, сазсырнайда барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.

**Музыка жетекшісінің ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы
Жоспардың құрылу кезеңі**

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	
Әдістемелік кабинетте жұмыс, циклограмма жазу, іс-әрекетке дайындық	
Қазақстан Республикасының гимні \күнделікті\	
Топтар/күндер	

Сейсенбі Бейсенбі «Айналайын» ересек тобы	Міндеттері: Әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенге сәйкес, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру. Көрнекілік: Балаларға арналған шулы аспаптар; қоңырау аспабы. Музыка тыңдау: П.И.Чайковский «Тойда» әні. (Балалар альбомынан) Әннің сипаты мен қарқынын түсініп, айту. Ән үйрену: «Алақай, жаңа жыл!» әні. Әннің сөздерімен танысу, түсініп айту, қайталау және әуеніне қосылып айту. Музыкалық -дидактикалық ойын: «Қай аспаптың дыбысы?» ойыны. Музыкалық аспаптарды тану дағдыларын қалыптастыру. Жетекші бір аспапты дыбыстап, балалардан оның атауын сұрайды. Дұрыс жауап берген бала, сол аспапта әуенге қосылып ойнайды. Аспапта ойнау: «Ескі вальс» әуеніне қосылып, қоңырау аспабында ойнау.

Ойындар:

Музыкалық -дидактикалық ойын: «Ырғақты жұмбақ». Аспаптар ырғағы арқылы анықтау.

Балалар шеңбер бойында, бубен аспабымен, әндетіп:

Бірімізге- біріміз,

Бубенді үлестіреміз.

Кімге келіп тоқтаса,

Би ырғағын көрсетсін.

Әуен тоқтағанда бубен қай балаға қалады, ырғақпен билеп береді:

Біз ырғақты қағамыз,

Бір, екі, үш, төрт,

Жылдамдатып соғамыз.

Тез-тез, тез-тез, тез-тез,

Жай, жай, жай, жай.

Тоқтат, тоқтат ырғақты, - деп бірнеше бала қайталайды.

«Ән-би-марш»

Мақсаты: есте сақтау және музыкалық есту қабілетін дамыту.

Ойын материалы: планшетте ашылатын терезесі бар ертегі үйлері бейнеленген. Үйлердің терезелерінде музыкаға сәйкес суреттер бар: би, марш және бесік жыры. Ойнатқыш пластиналары мен ынталандыру белгішелер.

Ойын барысы:

Жетекші мұғалім балаларға музыканы тыңдатып, үй ішінде не болып жатқанын тапқызады. Музыкалық жетекші фортепианода ойнайды (немесе дыбыстық жазбада әуен ойналады). Музыка арқылы балалар табады. Бала: "Олар үйде билейді" дейді.

Тексеру үшін оған үйде терезе жапқыштарын ашуға рұқсат етіледі, терезеде би билейтін балалар бейнеленген сурет. Дұрыс жауап үшін ол ынталандыру белгісін алады. Кімде көп белгішелер болса, сол жеңеді.

«Біздің әндер»

Мақсаты: есте сақтау және музыкалық есту қабілетін дамыту.

Ойын материалы: карта-суреттер (ойыншылардың саны бойынша),балаларға таныс әндердің мазмұнын суреттейтін металлофон, магнитофон, фишкалар.

Ойын барысы:

Балаларға 2-3 карточка беріледі. Ән әуені металлофонда немесе аудио жазбада орындалады. Балалар әнді танып, қажетті картаны фишканың көмегімен жабады. Барлық карташаны дұрыс жапқан бала жеңеді.

«Музыка дүкені»

Мақсаты: музыканы қабылау мен музыкалық есте сақтауды дамыту.

Ойын материалы: айналмалы дискісі бар ойыншық ойнатқышы,таныс әндер , аспаптар (металлофон, сылдырмақ, қоңырау және т.б.).

Ойын барысы:

Сатып алушы сатып алғысы келетін аспаптың дыбысын тыңдауды сұрайды. Бала-сатушы қарапайым ритмикалық сурет немесе таныс әуеннің аспабы бар әнді ойнау керек. Егер олар жазбаны сатып алса, онда сатушы оны ойнатқыштың айналмалы дискісі және дауысы әуенді ойнатады. Бұл оның орындалуына байланысты сатып алынатынын білдіреді. Кейде сатып алушылардың өздері аспаптың дыбысын көре алады.

«Тәтті қалпақ»

Мақсаты: өткен музыкалық материалды бекіту.

Ойын материалы: музыкалық номердің саны бойынша түрлі түсті қалпақшалар және кәмпиттер үшін, тапсырмасы бар карталар (ән айту, би билеу, дөңгелек би, өлең оқу). Карточкаларда—жұмыстың сюжеті бойынша суреттер немесе ересек адам оқитын мәтін.

Әр балаға арналған кәмпиттер.

Ойын барысы:

Балалар жарты шеңберде отырады. Залдың барлық жеріне қалпақшалар қойылады. Қайықты Ақжелкен келеді (ересек немесе би-ба-бо қуыршақ). Ол балаларға тәтті тосын сый дайындап, қалпақтың астына қойды,бірақ қай қалпақтың астында екенін ұмытып қалды. Қалпақты табу керек! Мұғалім Ақжелкенге кез-келген қалпаққа жақындауды ұсынады (тосынсый жатқан жерден басқа),ал балалар тапсырманы орындайды. Соңғы қалпақша астында – тосын сый. Тосын сыйы бар қалпақ балаларға көрінетін жерде болмауы керек.

«Музыкалық Құпия»

Мақсаты: ән айту бойынша өткен материалды бекіту, музыка тыңдау және жануарлар(би, марш, ән) және музыкалық шығармаларды анықтау.

Ойын материалы: артқы жағында тапсырма жазылған жабыспаға бекітілген аймақтың картасын бейнелейтін "тастар" ойын тақтасы, қоңырау.

Ойын барысы:

Жетекші балаларға бүгін олар шығатын қызықты саяхат туралы айтады. Тек өзіңізбен бірге сиқырлы қоңырау алу керек. Ол жолды көрсетеді. Музыкалық жетекші қоңырауды жол бойымен ойын алаңына апарады, ол белгілі бір "тастың" үстінен сыңғырлайды."Тасты" шешіп және аударып, музыкалық жетекші тапсырманы оқып, орындайды. Балалар жанрды, кейіпкерді анықтайды, шығарманың, композитордың атын атайды.

Содан кейін жолдың соңында қоңырау топ ішінде жасырылған ашық хаттар немесе шағын кәде сыйлары бар себетті табады.

«Үш гүл»

Мақсаты: музыканың сипатын анықтау.

Ойын материалы: картоннан жасалған үш гүл (гүлдің ортасында ұйықтап, жылап және көңілді- "адамның беті" салынған), үшеуі музыка сипатын бейнелейді:

- мейірімді, кішіпейіл;
- көңілсіз, мұңды;
- көңілді, қуанышты.

Гүлдердің орнына үш күн, үш бұлт, үш жұлдызшалар және т. б. жасауға болады. Таратпа материал: әр балада музыканың бейнелік сипатын бейнелейтін бір гүлі бар.

Ойын барысы: Жетекші шығарманы ойнатады. Шақырылған бала музыканың сипатына сәйкес келетін гүлді алып, оны көрсетеді. Барлық балалар музыканың сипатын анықтауға белсенді қатысады. Егер шығарма балаға таныс болса, шақырылған бала шығарманың аты мен композиторын айтады

«Шабындықта»

Мақсаты: балаларды музыкалық шығарманың сипатына жауап беруге үйрету, жәндіктердің (ара, шегіртке, көбелектер) музыкалық образын қозғалыстармен жеткізу; музыканың аяқталуына жауап беру.

Ойын материалы: жабайы гүлдер мен түрлі шөптердің Трафареттері. Әр түрлі жәндіктердің қалпақшалары (әр балаға).

Ойын барысы: Еденге жабайы гүлдер көбелектер, аралар, шегірткелердің қалай ұшатындығын бейнелейді. Музыканың аяқталуымен әр бала қозғалысты аяқтап, "гүлге қонады".

Қызығушылықты ояту үшін, ойын, бейнелі ойын жағдайын жасау қажет: балаларға жазды еске түсіруді және әр түрлі гүлдер өсетін шалғынды елестетеді, онда әрқашан жәндіктер гүлден гүлге көңілді ұшып қонып жүреді. Мысалы: "жаздың ыстық таңында шабындықта әдемі жабайы гүлдер гүлдеді. Мұнда әдемі түймедақ, хош иісті ашық қызыл раушан және қоңыраугүл өсіп тұр. Барлық гүлдер таңертең оянып, шық басып тұр. Нәзік жел олардың бастарын әрлі бері қозғап тұр. Гүлдер иеліктерді, араларды, сұлу көбелектерді, сондай-ақ шегірткені қашан секіріп келеді деп күтіп тұр. Балалар, өзімізді жәндіктер ретінде елестетіп, олардың гүл шалғынында қалай көңілді, ұшып жүргенін суреттейік.

«Музыкалық қорап»

Мақсаты: балалар шығармашылығын дамыту.

Ойын материалы: түрлі-түсті безендірілген қорап, таныс әндердің мазмұнын суреттейтін суретті карточкалар (артқы жағында бақылауға арналған карточкалар әннің және композитордың атауы көрсетіледі).

Ойын барысы:

Бұл сандықшаға 5-6 карточка сияды. Балалар кезекпен карточкалар алады және музыкалық шығарманың аты мен композиторын атай отырып, жүргізушіге береді. Әндер музыкалық сүйемелдеусіз барлық балалармен немесе жеке орындалады. Болашақта ойын концерт ретінде өткізіледі.

2024-2025 оқу жылына арналған «Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы

Топ: «Балдәурен», «Балдырған» мектепалды топтар

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-мамыр 2024-2025 ж.ж.

айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті
желтоқсан	Музыка тыңдау: Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Жеке және хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айтуға дағдыландыру, Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Атрибуттармен би қимылдарын орындау. Ойындар,хороводтар: Шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту,музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.

Музыка жетекшісінің ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы
Жоспардың құрылу кезеңі

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	
Әдістемелік кабинетте жұмыс, циклограмма жазу, іс-әрекетке дайындық	
Қазақстан Республикасының гимні \күнделікті\	
Топтар/күндер	
Сейсенбі	Міндеттері: Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру. Заттармен қимылдар жасай білу, сюжетті ойындарды сахналау. Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету. Көрнекілік: Қобыз аспабы. Қорқыт атаның суреті. Музыка тыңдау: «Желмая». Қорқыт. Аудио жазба. «Қобыз абыз». Р. Тайманов. Ән үйрену: «Туған ел». Ө.Байділдаев. -Әнде не туралы айтылған? -Сендер туған жерлеріңді қалай жақсы көресіңдер? Қалай құрметтейсіңдер? Музыкалық дидактикалық ойын: «Бұл қай аспап?» А.Меңжанова. Музыка жетекшісі аудио жазбадан ұлттық аспаптардың дыбыстарын ойнатады. Балалар аспаптың атын атап, сол аспапты көрсету керек. Аспапта ойнау: Қобыз аспабымен танысып, аспапта ойнап көреді және өз сезімдерімен бөліседі. Би: «Домбыра сазы» ұлттық биінің қимыл элементтерін үйрену. Құрманғазы «Адай» күйіне. Балалар шеңбер құрып, домбыра аспабында ойнап жатқандай қимылдар жасайды. Кезекпен ортаға шығып, домбырада ойнап, өз шеберлігін көрсетеді. Қалған балалар қолдау үшін, ырғақпен қол шапалақтайды. (жалғастыру)
«Балдырған», «Балдәурен» мектепалды топтары	
	Күнделікті (бір тұтас тәрбие)

Музыкалық дидактикалық ойын: «Бұл қай аспап?» А.Меңжанова. Музыка жетекшісі аудио жазбадан ұлттық аспаптардың дыбыстарын ойнатады. Балалар аспаптың атын атап, сол аспапты көрсету керек. «Балдәурен», «Балдырған» мектепалды топтары

Ойындар:

«Музыкалық лото»

Керекті құралдар: Балалардың санына қарай карточкалар. Әр карточкада ноталар тізбегі салынған. Дөңгелектер – ноталар. Музыкалық аспаптар. (балалайка, металлофон, т.б)

Ойын барысы: Жүргізуші бала бір аспапта жоғары немесе төмен ойнайды. Балалар карточкалармен ырғақты орналастырады.

«Құстар мен балапандар»

Керекті құралдар: Үш сатылы сызғыш., металлофон, ойыншықтар (3—4 үлкен құстар, 3—4 құс балапандары).

Ойын барысы: Ойынға балалардың бір жарты тобы қатысады. Әр балада бір ойыншықтан. Тәрбиеші металлофонда жоғары және төмен әуен ойнайды. (Мысалы, екінші октаваға дейін). Қолдарында балапандары бар балалар алға шығып ойыншықтарын сатыға қояды. Кейін бірінші октаваның do-сы ойнайды. Қалған балалар ойыншықтарын қояды.

«Баспалдақтар»

Мақсаты: жоғары есту қабілетін дамыту.

Ойын материалы: бес сатылы баспалдақ, ойыншықтар (матрешка, аю, қоян), балалар музыкалық аспаптары (сылдырмақ, металлофон, бубен).

Ойын барысы:

Жетекші бала кез-келген аспапта әуен орындайды, екіншісі бала әуеннің қозғалысын жоғары, төмен немесе бір дыбыста анықтайды және тиісінше, ол ойыншықты жылжытады (мысалы, қоян) баспалдақтың баспалдақтары бір сатыға жоғары, төмен немесе төмен. Келесі бала басқа ойыншықпен әрекет етеді.

«Музыкалық балапандар»

Мақсаты: дыбыс биіктігі (жоғары және төмен) туралы білімді бекіту, балалар шығармашылығы.

Ойын материалы:

Нота тасымалдаушы түрінде орналасқан бұтақтары бар ағаштың суреті; құстар саны - 5, "құстар" үшін қалпақтар жиынтығы

Нота тасығыш түрінде орналасқан бұтақтары бар ағаштың таратпа суреті; құстар саны - 5. Комплект әр балаға дайындалады.

Ойын барысы:

Жетекші:

- Көктем келді, құстар жылы жақтан оралды, ұялар жасалды және балапандарды ұяға кіргізді. Балапандар ұшуды үйренгеніне қуанды және олар бұтақтан бұтаққа ұшып, ән айта бастады.

Жетекші: құс анасы мен балапандарын таңдайды. Оларға шляпа мен құстардың суреттерін береді. Балалар (ән айтады):

Біз көңілді балапандармыз,

Біз көңілді серуендейміз

Біз бұтақтан бұтаққа

Енді ұша аламыз.

Балалар-балапандар, өз әндерін айтады және суреттерді салады ағаштың жоғарғы бұтақтары, олардың аттары бойынша: РЕ балапаны, Си балапаны және т. б.

Саған ұшқым келмейді,

Менің осында ән айтқым келеді.

Содан кейін анасы ән айтады, ол "төмен ұшады" және бүлдіршіндерді өзіне шақырады.

Ал мен үшін алаңдайды анатай:

Балапан төмен ұшыңыз,!

Мен бесік жырын айтамын,

Ал сен ұйықтайсың, балақай!

Әр Балапан кезекпен өз дыбысын айтады, ағаштан ұшады және анасының жанына кеп отырады. Ойын соңында барлық балалар балапандрадың есімдерін (ноталардың атаулары) айтады және оларды бұтақтарға қайтарады.

«Ән салған кім?»

Балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақта, балаларға сыртын беріп отырған бала, ән салған баланың дауысын тануы керек. Отырған бала ән салған баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады.

(тембрді айыру үшін арналған ойын)

Көп бала бар бөлмеде,

Бірі ғана ән салады.

Ал сырттағы

Кім екен деп тамсанады

Бір бала былай деп әндетеді.

Мен бақытты бөбекпін,

Таудай биік талабым,

Ән мен күйге зерекпін,

Бірден қағып аламын.

«Құралды анықта»

Мақсаты: тембрлік есту қабілетін дамыту.

Ойын материалы: металлофон, қоңыраулар, қасықтар, таяқшалар

Ойын барысы:

Екі бала бір-біріне арқа жағымен қарап отырады. Олардың алдында үстелдерде бірдей құралдар жатыр.

Ойыншылардың бірі кез-келген аспапта ырғақты сурет бойынша орындайды, екіншісі оны сол аспапта қайталайды. Егер бала

музыкалық тапсырманы дұрыс орындаса, барлық балалар шапалақтайды. Содан кейін дұрыс жауап берген ойыншы жұмбақ жасырады.

Егер бала қателессе, онда ол тапсырманы өзі тыңдайды.

«Музыкалық жұмбақтар»

Мақсаты: тембрлік есту қабілетін дамыту.

Ойын материалы: металлофон, үшбұрыш, қоңыраулар, қоңырау,

Ойын барысы:

Балалар перденің алдында жартылай шеңберде отырады, оның артында үстелде музыкалық аспаптар мен ойыншықтар бар. Жетекші бала кез-келген әуен немесе ритмикалық сурет бойынша аспапта ойнайды. Балалар оны табады. Дұрыс жауап үшін бала фишка алады. Фишка саны көп адам жеңеді.

«Қатты, тыныш ән»

Мақсаты: диатоникалық есту қабілетін дамыту.

Ойын материалы: кез-келген ойыншық

Ойын барысы: Балалар жүргізушіні таңдайды. Ол бөлмеден шығып кетеді. Барлығы ойыншықты қайда жасыру керек екенін келіседі.

Жүргізуші оны барлық балалардың ән айтқанын, әннің дыбыс деңгейін басшылыққа ала отырып табуы керек. Дыбыс ойыншық орналасқан жерге жақындаған сайын күшейтіледі немесе алыстаған сайын ақырындайды. Егер бала тапсырма бойынша ойынды қайталаған кезде сәтті басқарса, ол ойыншықты жасыруға құқылы.

Музыкалық -дидактикалық ойын:

«Қандай аспап?» Б.Дәлденбай, А.Асылбек.

Кімде қандай аспап бар?

Тұяқтас пен қоңырау.

Асатаяқ, тоқылдақ,

Домбыра, сырнай тағы бар.

Металлофон бастайды,

Сырнайымыз өостайды.

Барлық аспап қосылса,

Оркестр деп аталар!-деп, ән әуеніне оркестр ұйымдастырылып, аспапта ойнап үйренеді.

Музыкалық -дидактикалық ойын: «Менің туыстарым»

Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, бастаушы ортада тұрып, текшені кез-келген балаға лақтырады. Текшені қағып алған бала отбасы немес туыстары туралы өлең, тақпақ айтып, ән айтып беруге де болады.

Атам маған әманда,

Әдепті жан бол деген.

Ата сөзі санамда,

Жасы үленге жол берем.

Мейірімді әжелер,

Балалар одан бата алар.

Қалтасына кәмпит сап,

Немереге апарар.

Жүзімізге қараңыз,

Бал күлкілі баламыз.

Бізге қымбат күншуақ,

Бізге қымбат анамыз